

The article has data about using the ointment Vetshungit in the treatment of horses' wounds. The received data showed that the ointment Vetshungit has a catalytic effect on the recovery of wounds and reduces the time frame recovery from 3 to 5 days.

УДК 619:615.9:631.95:636

## ҚҰСТАРДЫҢ ҚАНЫНЫң ҚҰРАМЫНА АУЫР МЕТАЛЛ ТҮЗДАРЫНЫң ТУДЫРАТЫН ӨЗГЕРІСТЕРІ.

Айтқожина Б.Ж.

*C. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ*

Мал шаруашылық және өсімдік өнімдерінің экологиялық қауіпсіздігі және сапасы оның құрамындағы ауыр металл түздарына байланысты болып келеді. Ауыр металл түздарына 40-тан астам химиялық элемент кіреді, сонымен қатар осы топтың кейбір элементтері (мыс, мырыш, кобальт, темір, молибден, марганец және тб.) ферменттік жүйенің негізгі құрамы болып ағзаның манызды үрдістеріне қатысады. Бұл заттардың жетіспеушілігі немесе мүлдем болмауы қауіптілік тудырады, өйткені тірі ағзаларда алмастырылмайтын элемент болып табылады. Аздаған мөлшерде тыңайтқыштар ретінде және минералды азық ретінде ауылшаруашылығында қолданады. Ауыр металлдар деп - концентрациясы жоғарылағанда атайды. Ауыр металл түздары адам мен жануар ағзасына келесі жүйе арқылы түседі: топырақ - өсімдік - жануар - адам. Ауыр металл түздары тікелей және жанама есепті [1,2].

Біздің жұмысымыздың мақсаты техногендік ластағыштардың, яғни ауыр металл түздарының тауық организмінде және қанының құрамында тудыратын өзгерістерді анықтау.

Уландыру жұмыстарын жүргізу кезінде зертханалық жануарларды клиникалық байқаудан өткізіп отырдық (жалпы қарau, термометрия, тыныс алуы және тамыр соғуы). Қарau барысында жануардың қоңдылығына, дене бітіміне, конституциясына, көзге көрінетін кілегей қабықтарға, тери, қауырсын, мамық жамылғысына көніл бөлдік.

Бірінші топқа қорғасынмен, екінші топқа мыспен, ушінші топқа кадмиймен және төртінші топқа мырышпен ластанған құрама жем берілді 21 күн бойы. Тәжірибе жүргізілген күндері олардың клиникалық жағдайын бақыларап отырдық, сонымен қатар әр жеті күн сайын қан алып гематологиялық зерттеулер жүргіздік. Ең алдымен бақылаудағы тауықтардан фондық көрсеткіштер үшін бірінші күні қан алынды.

Жануарларды бекіткеннен кейін қанат айналасын мамық жамылғысынан тазартып, 70% спиртпен өндешу жұмыстарын жүргізгеннен кейін ғана қан алынды. Әрбір тауықтан алынған қанды бір тамшы антикоагулянт ретінде гепарин тамызылған пробиркаларға құйылды.

Гематологиялық көрсеткіштерді гематологиялық анализатор РСЕ-170 аспабының көмегімен анықтадық. Әдіс принципі: қандағы гематологиялық көрсеткіштерді анықтауға негізделген.

Жұмыс барысы: анализаторды қосып, зерттеу жүргізуге арналған стақандарды шайдық. Кейін еріткіш және ерітінді тазартуға негізделген тұтікшелердің қосылып тұрғанын анықтадық, 15 минут аспапты қыздырып стақанға еріткішті құйып, жалғанған тұтікшенің көмегімен аспап жүйесін тазарттық. Зерттеуге арналған қан үлгісін алып, он жакта орналасқан тұтікшени стақанның ішіне орналастырып, рычагты бастық. Тұтікше арқылы қан аппарат жүйесіне сорылған жағдайда, OUT позицияда шам жанады. Таза стақанды алып тұтікшеге жақындастып, рычагты басып үлгіні қайта құйып алдық. Алынған ерітіндіні қайта араластырып (қан үлгісін араластырған сияқты). Алғашқы араластырғанда алынған ерітіндіге 3 тамшы DL-1 гемолайзерді тамыздық. 40 секунд араластырылады. Бұл ерітінді гемоглобин және лейкоциттерді (WBC/ Hgb) анықтауға негізделген. Екінші рет араластырылған ерітінді арқылы эритроцит (RBC/PLT) көрсеткіштер анықталады. Зерттеу сонында қағазға басылған нәтиже шығады. Сонымен қатар жалпы белокты рефрактометрлік әдіспен анықтадық [3].

Гематологиялық зерттеу нәтижелері бойынша келесі көрсеткіштер анықталды.

### 1-кесте. Тауық қанының гематологиялық көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	топтар	Зерттеу күндері			
		1-ші күні	7-ші күні	14-шікүні	21-күн
Эритроцит ( $10^{12}/\text{л}$ )	1-қорғасын	3,5±0,001	3,2±0,001	2,9±0,01***	2,7±0,03*
	2- мыс	3,3±0,002	3,1±0,002	2,8±0,003	2,4±0,001
	3-кадмий	3,4±0,001	3,1±0,001	2,8±0,002	2,6±0,003
	4- мырыш	3,3±0,003	3,1 ±0,003	2,9±0,001	2,8±0,002

	5-Бакылау	3,8±0,003	3,3±0,003	3,5±0,001	3,5±0,002
Лейкоцит (10 <sup>9</sup> /л)	1-коргасын	38,5±0,03***	51,5±0,07	54,2±0,02	58,5±0,07**
	2- мыс	35,7±0,01	49,5±0,04	56,7±0,01	59,2±0,03
	3-кадмий	37,5±0,03*	52,5±0,07	55,2±0,02	58,5±0,02
	4- мырыш	37,1±0,001	47,5±0,03	55,5±0,07*	57,2±0,02*
	5-бакылау	37,1±0,02	39,4±0,01**	38,3±0,01	39,0±0,03
Гемоглобин (г/л)	1-коргасын	76,3±0,02**	70,0±0,02	68,4±0,02	65,0±0,01
	2- мыс	77,2±0,01	72,1±0,02	68,2±0,03	64,0±0,02
	3-кадмий	74,1±0,03	70,0±0,02**	67,3±0,01**	63,3±0,01
	4- мырыш	75,3±0,01	70,3±0,02	68,1±0,02	65,0±0,03
	5-бакылау	75,0±0,003	79,0±0,03*	78,2±0,03	78,7±0,04*
Жалпы белок (г/л)	1-коргасын	48,4±0,02	44,2±0,01	40,3±0,02*	36,2±0,01
	2- мыс	47,2±0,03***	43,1±0,02	39,2±0,01	35,4±0,03
	3-кадмий	46,3±0,02	41,3±0,01	37,3±0,04**	33,5±0,02
	4- мырыш	47,7±0,01	42,2±0,03	38,4±0,03	34,3±0,02
	5-бакылау	47,4±0,02	46,2±0,01	48,3±0,03	47,1±0,02

ескерту: \*-P≤0,05; \*\*-P≤0,01; \*\*\*-P≤0,001

Жоғарыдағы кестені қорытындылай келе, тауықтарды созылмалы уландыру барысында қандағы көрсеткіштер заңдылық бойынша өзгеріске үшірағанын дәлелдедік.

Гемоглобин концентрациясы бақылау тобының тауықтарда 75-78 г/л дәрежеде тәжірибе бойы байқалып отырылды. Гемоглобиннің көрсеткіші тәжірибе топтаратында бақылау тобына қараганда жетінші, он төртінші және жиырма бірінші күндері төмендегенің көруге болады. Атап айтсақ бірінші топта 11,3-ке төмендеген, екінші топта 13,2-ге төмендеген, үшінші топта 10,8-ге төмендеген, төртінші топта 10,3-ке азайғанын аныктадық.

Гемоглобин бұл қанның тыныс алу ферменті, глобин акуызынан және гемнен тұрады. Глобин бауырда синтезделеді, альбумин акуызына ұқсас. Ауыр металл тұздарымен улану кезінде бауырдың акуыз түзу қызметі бұзылатынын дәлелдейді.

Эритроциттердің концентрациясы бірінші және үшінші топта бақылау тобына қараганда шамамен 0,8-ге төмендеген, екінші топта 0,9-ға төмендеген, төртінші топта 0,5-ке азайған. Сонымен қатар жалпы белок бақылау тобында 47,4 - 47,1 арасында болса, уланған тауықтарда жалпы белок бірінші топта 12,2 г/л төмендегенің, екінші топта 11,8 г/л төмендеген, үшінші топта 12,8 г/л төмендеген, төртінші топта 13,4 г/л төмендегенің аныктадық.

Ал лейкоциттердің көрсеткіші көрініше жоғарылаған бақылау тобына қараганда шамамен 20-ға жоғарылаған. Бақылау тобында лейкоцит мөлшері 37,1-39,0 аралығында болса, тәжірибелік бірінші топта 20-ға жоғарылаған, екінші топта 23,5-ке жоғарылаған, үшінші топта 21-ге ал төртінші топта 20,1-ге жоғарылағанын байқады.

Кестені қорытындылай келе айқын өзгерістер 7,14-шы және 21 күндерінде байқалады. Эритроциттер мен гемоглобиннің, жалпы акуыздың мөлшерінің күрт төмендеуімен сипатталады. Бұл жағдай тауықтарда жалпы анемия, дамуы мен жұмыртқалау функцияларының жалпы тоқтауларының пайда болуын дәлелдейді. Бір мезгілде қандағы лейкоциттердің динамикасының жоғарлауын байқаймыз, жоғарлау ағзалардағы қабыну және некробиотикалық үрдістердің, бауырдың қызметінің бұзылуымен байлынысты патологиялық үрдістердің дамуымен сипатталады. Зерттеу нәтижелері бойынша кестеде көлтірілген мәліметтерді ескере келе ауыр металл тұздары қан құрамында өзгерістерді тудыратындығын дәлелдейді

- 1.Баранников В. Д., Кириллов Н.К. Экологическая безопасность сельскохозяйственной продукции. М., 2005. 83-87 с.
- 2.Хлебников В.И., Жебелева И.А., Криштафорович В.И. Экспертиза мяса и мясных продуктов. М., 2006. 99-110 с.
- 3.Кондрахин И.П. Методы ветеринарной клинической лабораторной диагностики. Москва. 2004.-520с.

\* \* \*

Гематологические исследования проводили в начале, в середине, через четырнадцать дней и в конце опыта с интервалом 7 дней. Результаты экспериментов позволили установить, что содержание эритроцитов, гемоглобина, а также общего белка крови кур в течение всего опыта в первой, второй, третьей и четвертой группах показатели ниже, чем в контрольной группе. Количество лейкоцитов в опытных группах намного превышает, чем в контрольной группе.

Hemoglobin researches spent in the beginning, in the middle, in fourteen days and in the end of experience with an interval of 7 days. Results of experiments have allowed establishing, that the maintenance, hemoglobin, and also the general fiber of blood of hens during all experience in the first,

second, third and fourth groups' parameters below, than in control group. Quantities of leukocytes in skilled groups much more exceeds, than in control group.

УДК 619:614.31:637

## БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАР ЖӘНЕ ЗООДЭНС АППАРАТЫНЫҢ ҚҰСТАРДЫҢ ГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Құрманова Г.Т.

*C.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Мал шаруашылығы халқымыздың ежелден айналысып келе жатқан ауыл шаруашылығының негізгі саласы. Мал өнімдері халқымыздың басты тағамы болып саналатыны белгілі. Ауыл шаруашылығының басты мәселенің бірі дайын өнімдердің сапасын көтеру болып табылады, әсіресе, ол адам тағамына пайдаланатын өнімдер үшін ете қажет [1].

Ауыл шаруашылық жануарлардың рационында микроэлементтердің шекті жіберілетін мөлшері әлі де толық анықталмаған. Ол жануарлардың микроэлементтермен қажеттілігінің әртүрлі болуы және азықпен максималды дәрежесін кабылдауы, сонымен қатар организмнің ерекшелігімен, азықтандыру жағдайымен түсіндіріледі. Микроэлементтерді мөлшерінен көп қолданғанда олар токсикалық әсер ететіні белгілі. Ол жануардың физиологиялық жағдайына көрі әсер етеді. Сол себептен организмге күш түсірмейтін, тиімді және қауіпсіз әдістер және адам азық өнімінің сапасының жақсаруын іздестіруді қажет етеді [2].

Ауыл шаруашылығын нығайту мақсатында ел басымыздың қолдауымен көптеген шаралар кешенін ұйымдастыру көзделген. Осы мақсатқа жету үшін ветеринария саласының алатын орны ете зор. Ол үшін мал басын көбейтіп, өнімділікті жоғарлату, аурулардың алдын – алып, емдеу тәрізді ветеринариялық жұмыстарды ұйымдастыру қажет. Ветеринарияның негізгі мақсаты мал шаруашылығының ветеринариялық – санитариялық сәттілігін сақтау, одан сапасы жоғары өнімдер мен шикі затты өнімдерді қамтамасыз ету.

Алдымызға қойған мақсаттарымыздың бірі ол «Тополин», «Тетрогидровит» фитопрепараттарын тауықтардың азығына қосып беру арқылы және динамикалық электронейроадаптивтік стимуляция қолданып тауықтардың өт өнімділігіне және оның сапасына тигізетін әсерін анықтау болды.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін тәжірибелі С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ ветеринарлық медицина факультетінің клиникасында жүзеге асты. Тәжірибеле "Ақмола Феникс" АҚ – наң сатып алынған жұмыртқа бағытында өсірілген 12 бас нью – гемпшир тұқымды тауықтар қатысты. Жұмыссымыз 15.01.09 дан 04.02.09ға дейін жүргізілді (21 күн).

Тәжірибені жалғастыру үшін біз 12 бас тауыкты 4 топқа бөлдік, үш бастан әр топта. Әр топқа келесі фитопрепараттарды тағайындаудың: 1 – ші топқа "Тополин" препараты 0,3/1 басқа; 2 – ші топқа "Тетрогидровит" препараты 0,3/1 басқа; 3 – ші топқа ЗооДЭНС электронейроадаптивтік аппаратпен биологиялық белсенді заттармен стимулдау; 4 – ші бақылау тобы, оларға ешқандай заттар қолданған жок. Фитопрепараттар концентренген азықпен ішке берілді.

Дайындалған тәжірибе кестесіне сәйкес, фитопрепараттар мен ЗооДЭНС аппаратының әсерін анықтау үшін, біз тәжірибелік тауыктардан 1, 10, 21 күндері қанат асты венасынан қан сынамаларын алып зерттеп отырдық, онда біз эритроцит, лейкоцит, гемоглобин және жалпы белок көрсеткіштерінің мөлшерін анықтадық.

Гематологиялық көрсеткіштерді гематологиялық анализатор РСЕ-170 аспабының көмегімен анықтадық. Әдіс принципі: қандағы гематологиялық көрсеткіштерді анықтауға негізделген.

Жұмыс барысы: анализаторды қосып, зерттеу жүргізуге арналған стақандарды шайдық. Кейін еріткіш және ерітінді тазартуга негізделген түтікшелердің қосылып тұрғанын анықтадық, 15 минут аспалты қыздырып стаканға еріткішті құйып, жалғанған түтікшениң көмегімен аспап жүйесін тазарттық. Зерттеуге арналған қан үлгісін алып, оң жақта орналасқан түтікшениң стақанының ішіне орналастырып, рычагты бастық. Түтікше арқылы қан аппарат жүйесіне сорылған жағдайда, OUT позицияда шам жанады. Таза стақанды алып түтікшеге жақындастып, рычагты басып үлгіні қайта құйып алдық. Алынған ерітіндін қайта араластырық (қан үлгісін араластырған сияқты). Алғашқы араластырғанда алынған ерітіндіге 3 тамшы DL-1 гемолайзерді тамыздық. 40 секунд араластырылады. Бұл ерітінді гемоглобин және лейкоциттерді (WBC/ Hgb) анықтауға негізделген. Екінші рет араластырылған ерітінді арқылы эритроцит (RBC/PLT) көрсеткіштер анықталады. Зерттеу соңында қағазға басылған нәтиже шығады.

Ал жалпы белок мөлшерін рефрактометр аспабымен анықтадық. Ол үшін рефрактометрді бөлменің жарық түсіп тұрған жеріне орналастырып, 70% спиртті қолданып үстіні және астыңғы